

Тайсойған негізгі мектебінде консультация пункті жоспары бойынша 2026 жылдың қаңтар айында «Ойын арқылы дамимыз» тақырыбында балалармен бірге әртүрлі дамытушы танымдық ойын түрлері ойнатылды.

Ойын дегеніміз – жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл – күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын – төзімділікті алғырлықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігінің, көп білуді, сондай-ақ, басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық тиімді әдістердің бірі.

Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстыруда көбіне танымдық ойындар қолданылады. Танымдық ойындар баланың ойлау, есте сақтау қабілетін дамытады, оларды ізденуге, еңбектенуге баулитын элемент.

### 1. Ойының атауы — «Түстер триминосы».

Бұл — балаларға арналған логикалық және танымдық ойын. Геометриялық пішіндер мен түстерді сәйкестендіру арқылы баланың ойлау, көру, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Математика және түстермен жұмыс істеу бағытында өте тиімді.

#### **Мақсаты:**

- Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту;
- Геометриялық пішіндер мен түстерді ажырата білуге үйрету;
- Саусақ моторикасын және кеңістікті бағдарлау дағдыларын жетілдіру.

#### **Міндеттері:**

1. Нысандарды түстеріне және пішініне қарай сәйкестендіруді үйрену;
2. Қарапайым геометриялық фигураларды атау (үшбұрыш, түзу сызық, т.б.);
3. Баланың зейінін, есте сақтауын және ұқыптылығын арттыру;
4. Ұжыммен және жұппен жұмыс істей білуге дағдыландыру.

**Ойын шарты:** Балалар үшбұрыштарды бірдей түстері сәйкес келетіндей етіп орналастырады. Бұл — зейін, есте сақтау мен көзбен көру қабілеттерін дамытады.

2. Ойының атауы «Құрастыр және сәйкестендір» әдісі қолданылған Ұлттық құндылыққа байланысты "Құрақ құрау" — дәстүрлі өнерді ұрпаққа үйрететін, көркемдік талғам мен қол еңбегін дамытатын тамаша әрекет.

**Мақсаты:** - Баланың зейінін, логикасын және есте сақтау қабілетін дамыту

- Түрлі ою-өрнектерді таныту
- Түрлер мен түстерді сәйкестендіруге дағдыландыру

#### **Ойын шарты:**

Бала карточкадағы үлгіні қарап, тура сондай етіп түрлі бөліктерден (пазл сияқты) құрастырады. Түстер мен пішін сәйкестігіне мән береді.



### **Ойынның мазмұны:**

Әр бөлікте үш түрлі түстері бар үшбұрыштардан құралған. Балалар бұл бөліктерді түстеріне сәйкес орналастырып, белгілі бір пішін немесе сурет құрастырады.

### **Мақсаты:**

- Түстерді ажырату
- Кеңістікке бағдар жасау
- Логикалық ойлау мен ұқыптылықты дамыту
- Ұсақ моториканы жетілдіру

Жас ерекшелігі: 3 жастан бастап пайдалануға болады.

### **3. Ойын атауы – «Сәйкестендір және жапсыру»**

### **Ойын шарты:**

1. Әр жалаушада түс пен сан берілген (мысалы, сары түс – 1, қызыл – 2, т.б.).
2. Балаларға қиылған түрлі-түсті жалаушалар беріледі.
3. Баланың міндеті — түстерді тиісті орнына жапсырып, сандармен сәйкестендіру (мысалы: қызыл түсі – "2"-ге, жасыл – "3"-ке апарып қою).
4. Төменгі бөлікке алдын ала жазылған сандар арқылы жоғарғы бөліктегі түске сәйкес жалаушаны табады.



### **Дамытатын бағыттары:**

- Түс пен сан тану;
- Салыстыру және сәйкестендіру;
- Қимыл-қозғалыс үйлесімділігі;
- Логикалық ойлау.

### **Ойынның мақсаты:**

Балалардың түстер мен сандарды ажырата білуін, сәйкестендіру және салыстыру дағдыларын дамыту.

### **Нақты мақсаттар:**

- Түстерді тану және атау
- 1-ден 5-ке дейінгі сандарды тану
- Сәйкестендіру арқылы логикалық ойлау қабілетін жетілдіру
- Ұсақ қол моторикасын дамыту
- Зейін мен есте сақтауын арттыру

### **Ойынның міндеті:**

- Балалар берілген түстер мен сандарды дұрыс сәйкестендіріп, олардың сәйкестігін түсінулері керек.
- Әр түске сәйкес келетін санды тауып, жалаушаны дұрыс орнына жапсыру арқылы есте сақтау, назар аудару, және салыстыру дағдыларын дамыту.
- Ойын арқылы баланың түс пен санды ажырата білу қабілеті, ойлау және қимыл-қозғалыс үйлесімділігі жетіледі.

Қысқаша айтқанда, ойынның міндеті — баланы түстер мен сандарға үйрету және олардың байланысын түсіндіру.